

**Алматы облысы Қапшағай қалалық сотының өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-бабы бірінші және төртінші бөліктерінің конституциялылығын тексеру туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2008 жылғы 27 ақпандағы N 2 Нормативтік қаулысы.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Төраға И.И.Рогов, Кеңес мүшелері Н.В.Белоруков, В.А.Малиновский, А.М.Нұрмағамбетов, Ү.М.Стамқұлов қатысқан құрамда, мыналардың:

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының өкілі - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты И.Ә.Әміровтің,

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің өкілі - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Н.Н.Турецкийдің,

Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері - Қазақстан Республикасының Әділет министрі З.Я.Балиеваның және Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі Д.Р.Құсдәулетовтың,

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының өкілі - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасының төрағасы Ә.Т.Жүкеновтің,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары А.Қ.Дауылбаевтың,

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің өкілі - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары А.Ж.Шпекбаевтың,

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілі - Адам құқықтары жөніндегі Ұлттық орталықтың басшысы В.А.Калюжныйдың,

Қазақстанның адвокаттар одағының өкілі - Қазақстанның адвокаттар одағының президенті Ә.Қ.Түгелдің қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Алматы облысы Қапшағай қалалық сотының Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-бабының бірінші және төртінші бөліктерін конституциялық емес деп тану туралы ұсынысын қарады.

Конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі Н.В.Белоруковтың хабарлауын, отырысқа қатысушылардың және сарапшының - заң ғылымдарының докторы, профессор А.А.Матюхиннің сөйлеген сөздерін тыңдап, сарапшылардың - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор С.З.Зимановтың және Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Ғ.С.Сапарғалиевтің

қорытындыларымен, сондай-ақ маманның - заң ғылымдарының докторы, профессор Е.И.Қайыржановтың қорытындысымен танысып шығып, **Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мынаны**

анықтады:

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесіне 2008 жылғы 28 қаңтарда Алматы облысы Қапшағай қалалық сотының, қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекемелердегі адамдар тобының осы мекемелердің қалыпты қызмет тәртібін тұрақсыздандыру не мекемелер қызметкерлерінің заңды қызметіне кедергі жасау мақсатында дене мүшелерін зақымдағаны, сондай-ақ адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша не өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданып дәл осындай әрекеттер жасағаны үшін қылмыстық жауаптылығын көздейтін, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-бабының бірінші және төртінші бөліктерін конституциялық емес деп тану туралы ұсынысы келіп түсті.

Ұсыныстан келіп шығатыны, Қапшағай қалалық сотының іс жүргізуінде бір топ адамды Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-бабының төртінші бөлігінде көзделген қылмысты жасағаны үшін айыптау жөніндегі қылмыстық іс жатыр. Сотта істі қарау барысында қорғау тарабы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекемелердегі адамдар тобының осы мекемелердің қалыпты қызмет тәртібін тұрақсыздандыру не мекемелер қызметкерлерінің заңды қызметіне кедергі жасау мақсатында дене мүшелерін зақымдағаны үшін қылмыстық жауаптылығын белгілейтін нормасын конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгіну жөнінде өтініш мәлімдеді. Өтініш авторларының пікірінше, дене мүшелерін зақымдау сотталғандардың өз құқықтары мен бостандықтарын мекеме әкімшілігінің заңсыз әрекеттерінен қорғау тәсілі болып табылады және олардың құқық субъектісі ретінде танылу және өз пікірін еркін білдіру құқығынан келіп шығады.

Осыған байланысты, сот Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабына сәйкес қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұрып, "Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-бабының бірінші бөлігін және төртінші бөлігін (26.03.07 жылғы N 240 ҚР Заңының редакциясында) дене мүшелерін зақымдағаны үшін жауаптылыққа қатысты қолданыста Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес емес деп тану" туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінді.

1997 жылғы 16 шілдедегі N 167-1 Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-бабы бірінші және төртінші бөліктерінің ("Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 26 наурыздағы N 240-III Қазақстан Республикасы Заңының редакциясында) конституциялылығын тексерген кезде Конституциялық Кеңес мынаны негізге алды.

1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары (Конституцияның 1-бабының 1-тармағы), бұл мемлекет үшін жалпы адамзат құндылықтарының басымдығы болатынын айғақтайды (Конституциялық Кеңестің 2001 жылғы 21 желтоқсандағы N 18/2 және 2006 жылғы 13 шілдедегі N 4 қаулылары) және мемлекет үшін "адамға... қамқорлық жасаудан асқан маңызды міндет жоқ екенін білдіреді (Конституциялық Кеңестің 2007 жылғы 28 мамырдағы N 5 қаулысы)".

Негізгі Заңның 12-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес "Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беріледі", "адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады". Бұл нормалардың мазмұнынан келіп шығатыны, адам құқықтары мен бостандықтарына мемлекет Конституцияда және соған сәйкес келетін нормативтік құқықтық актілерде белгіленген шектерде кепілдік береді, және осы құқықтар мен бостандықтарды іске асырудың шарттары мен тәртібін белгілейтін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеп, қабылдау кезінде негіз етіп алынады (Конституциялық Кеңестің 1996 жылғы 28 қазандағы N 6/2 және 2007 жылғы 18 сәуірдегі N 4 қаулылары).

Мемлекеттің адамға қатысына байланысты Конституция жария еткен ережелер Республикада адамның және азаматтың мәртебесін құқықтық реттеудің барлық аспектілерін шешудің алғышарты болып табылады. Негізгі Заңда адамның, оның құқықтары мен бостандықтарының ең қымбат қазына деп танылуы, конституциялық түрде ұйымдасқан қоғамның негізін құрайтын және әркімге өзін-өзі қалай ұстауын заң шеңберінде таңдауына заңды түрде танылған және мемлекет қорғайтын мүмкіндік беретін конституциялық құрылыстың түбегейлі принципі болып табылады.

Адамның құқық субъектісі ретінде танылу құқығына кепілдік бере отырып, Конституция оған өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға мүмкіншілік береді (13-баптың 1-тармағы).

Республика Конституциясының "Адам және азамат" деп аталатын II бөлімінде баянды етілген адамның және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтары, солардың ішінде құқық субъектісі ретінде танылу құқығы (13-баптың 1-тармағы), өмір сүруге құқығы (15-баптың 1-тармағы), жеке басының бостандығына құқығы (16-баптың 1-тармағы), қадір-қасиетіне қол сұғылмауына құқығы (17-баптың 1-тармағы), сөз еркіндігі (20-баптың 1 және 2-тармақтары) және басқалары, әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады және олардан ешкім айыра алмайды (12-баптың 2-тармағы), ал 13-баптың 1-тармағымен, 15-баптың 1-тармағымен, 16-баптың 1-тармағымен және 17-баптың 1-тармағымен көзделген құқықтар мен бостандықтар,

оның үстіне, - ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс (Конституцияның 39-бабының 3-тармағы). Оларға жеке тұлғаның ерік бостандығын және содан келіп шығатын іс-әрекеттерінің дербестігін тану негіз етіп алынған. Тиісінше, табиғи жаратылысынан осындай құқықтар мен бостандықтарға ие адам және азамат оларға өз қалауынша иелік ете алады. Аталған Негізгі Заң нормаларына олардың бірыңғайлығы мен жүйелік тұтастығы тұрғысында жасалған талдаудан келіп шығып, қаралып отырған өтініш нысанына қатысты қолданыста бұл әркімнің өз өмірі мен денсаулығына еркін түрде (соның ішінде өзіне өзі зиян келтіру секілді нысанында да), егер ол конституциялық және заңмен жүктелген өзге де міндеттерді атқарудан жалтарумен байланысты болмаса, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбаса және конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмесе (Конституцияның 12-бабының 5-тармағы, 34-бабының 1-тармағы және 36-бабы), иелік етуге хақылы екендігін білдіреді.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Конституциялық Кеңесінің 17.04.2017 № 2 нормативтік қаулысымен.**

2. Қоғамнан оқшаулау жағдайында өмір сүру үшін енгізбесе болмайтын шектеулерді ескере отырып, бас бостандығынан айрылған адамдар Қазақстанда Конституцияда және Республика таныған халықаралық-құқықтық құжаттарда кепілдік берілген барлық құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, бұл адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1990 жылғы 14 желтоқсандағы 45/III резолюциясымен қабылданған, Қамаудағыларға қараудың негізгі принциптерінің 5-бабына сәйкес, түрмеге қамауға байланысты анық қажет болатын шектеулерді қоспағанда, қамалғандардың бәрі Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде және Біріккен Ұлттар Ұйымының өзге де құжаттарында баяндалған адам құқықтары мен түбегейлі бостандықтарынан пайдаланады.

Республика Конституциясы сөз еркіндігін жариялайды және оған кепілдік береді (20-баптың 1 және 2-тармақтары), бұл, еркін ақпарат алу және тарату құқығымен қатар, еркін пікір білдіруді көздейді. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1966 жылғы 16 желтоқсандағы 2200А (XXI) резолюциясымен қабылданып, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91-III Заңымен ратификацияланған және Конституцияның 4-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстанда қолданылатын құқықтың құрамдас бөлігі болып табылатын, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 19-бабының 2-тармағына сай, "әрбір адам өз пікірін еркін білдіруге құқылы; бұл құқық мемлекеттік шекараларға қарамастан кез келген ақпараттар мен идеяларды еркін іздеу, тауып алу және оларды өз қалауынша таңдап алған құралдар арқылы ауызша, жазбаша немесе баспасөз арқылы немесе көркемдік бейнелеу формалары түрінде тарату бостандығын да қамтиды". Бұл ретте, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға қатысушы мемлекеттердің көбі

ұстанатын халықаралық стандарттар, Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі комитетінің, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау туралы халықаралық құқықтық актілердің орындалуын қамтамасыз етуші өзге де органдардың практикасы адамның өз пікірін білдіруінің нысандарын, егер оның пікірін білдіруге елеулі түрде бағытталған болса, онда қарсылық мінез білдіруін де қоса отырып, кеңінен қарастырады.

Бұл орайда Конституциялық Кеңес, дене мүшелерін зақымдау пікір (қарсылық) білдірудің нысаны болып табылуы және бас бостандығынан айрылған адамдардың өз құқықтарын қорғауының тәсілі ретінде қарастырылуы мүмкін деп пайымдайды. Мұндай жағдайларда дене мүшелерін зақымдағаны үшін жауаптылыққа тартуды, Негізгі Заңның 20-бабымен кепілдік берілген сөз еркіндігінің құрамдас бөлігі болып табылатын пікірін еркін білдіру құқығын шектеу деп бағалаған жөн.

Адамның және азаматтың ең маңызды құқықтары қатарына адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмау құқығы жатады (Республика Конституциясының 17-бабының 1-тармағы) ол ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс (Негізгі Заңның 39-бабының 3-тармағы). Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1975 жылғы 9 желтоқсандағы 3452 (XXX) резолюциясымен қабылданған, Адамдардың бәрін азаптаудан немесе олардың қадір-қасиетін қорлайтындай адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолмен жәбірлеудің немесе жазалаудың түрлерінен қорғау туралы декларацияға сәйкес, азаптау немесе адамдардың қадір-қасиетін қорлайтындай адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолмен жәбірлеудің немесе жазалаудың түрлері секілді кез келген әрекет адамның қадір-қасиетін қорлау, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысын және Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын бұзу болып табылады. Осыған байланысты, адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмауы туралы конституциялық құқық азаптауға, зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға салынатын тыйыммен толықтырылады (Конституцияның 17-бабының 2-тармағы), бұл адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмауына құқығы бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдарға да қолданылатынын айғақтайды.

Конституциялық іс жүргізу материалдарынан көрініп тұрғанындай, бас бостандығынан айыруға сотталғандарды және қамаудағы өзге де адамдарды ұстау жағдайлары, жалпы адамзат құндылықтарының басымдығына, адамдық қадір-қасиет қорланбауына берілетін кепілдіктер жүйесін қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңнама талаптарына әр кезде де жауап бере бермейді.

Осыны негізге ала отырып, Қылмыстық Кодекстің 361-бабы бірінші және төртінші бөліктерінің конституциялылығын тексерген кезде, осы әрекеттер барысында адам өзіне өзі зиян келтіріп, өзге адамдарға қатысты күш қолданылмайтын не өзге де заңсыз әрекеттер жасалмайтын дене мүшелерін зақымдау секілді құбылыстың сипатын ескере отырып, Конституциялық Кеңес, оны қарсылық білдірудің соңғы нысаны ретінде

қоғамнан оқшауланған адамдардың өз қадір-қасиетін қорғауының тәсілі болуы мүмкін деп есептейді (Конституцияның 13-бабының 1-тармағы). Осыған байланысты, дене мүшелерін зақымдауға қылмыстық сипат беру арқылы, бас бостандығынан айрылғандардың өз құқықтары мен бостандықтарына деген құқығын қорғау мүмкіншілігін шектеуге, мейлі заңмен болсын, Негізгі Заңның 39-бабы 1-тармағының талаптары бұлжытпай сақталғанда жол беріледі.

3. Республика Конституциясының 12-бабының 2-тармағына сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары "заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуын анықтайды". 2003 жылғы 10 маусымдағы N 8 қаулыда білдірілген Конституциялық Кеңестің құқықтық көзқарасына сай, "бұл аталған ереже құқықтық мемлекеттің негізгі белгілерінің бірі ретінде Қазақстанда қолданылатын құқықтың тұжырымдамалық негізі болып табылады". Адам құқықтары мен бостандықтары заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуын анықтайды деген ережені, Конституция жариялаған адам құқықтары мен бостандықтары осы құқықтар мен бостандықтарды іске асырудың шарттары мен тәртібін белгілейтін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеп, қабылдау кезінде негіз етіп алынады деген мағынада түсіну керек (Конституциялық Кеңестің 1996 жылғы 28 қазандағы N 6/2 және 2007 жылғы 18 сәуірдегі N 4 қаулылары).

Бұл ретте адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектейтін заң заңдық тұрғыдан дәлме-дәл және әкеп соқтыратын салдары болжаулы болуға тиіс, яғни оның нормалары жеткілікті дәрежеде анық тұжырымдалып және заң ережелерін өзінше пайымдау мүмкіндігін жоққа шығара отырып, заңдылы мінез-құлықты заңсыздығынан мейлінше айқындықпен ажыратуға мүмкіндік беретін түсінікті өлшемдерге негізделуге тиіс.

Бұл орайда Республика Үкіметі, Парламенті Мәжілісі, Бас прокуратурасы, Жоғарғы Соты өкілдерінің, сондай-ақ өзге де конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың пікірінше қылмыстық заңның қаралып отырған нормасы бұл жазылған талаптарға толық жауап бермейді, жетілмеген және құқық қолдануда қиыншылық туғызады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-бабының бірінші бөлігіне жасалған қисындық-мазмұндық талдау көрсеткеніндей, заң шығарушы, "адамдар тобының дене мүшелерін зақымдауы", "қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеме", "қалыпты қызмет тәртібін тұрақсыздандыру", "заңды қызметіне кедергі жасау" деген ұғымдарды пайдалана отырып, олардың заңдық тұрғыдағы дәл анықтамасын бермеген (осы терминдердің мазмұнын ашпаған), ал бұл қылмыс құрамының белгілерін толық және біржақты бөліп-ажыратуға мүмкіндік бермейді. Бұл құқықтық норманың диспозициясынан қылмыс субъектісінің дене мүшелерін зақымдау арқылы, яғни тек өзіне өзі зиян келтіре отырып, басқа адамдарға қатысты күш қолданбай немесе күш қолданумен қорқытпай, объективті түрде қалайша қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекемелердің қызметін тұрақсыздандыруы не мекемелер қызметкерлерінің

заңды қызметіне кедергі жасауы мүмкін екендігі көрінбейді. Оның үстіне, бұл құқықтық норманың мазмұнынан, өзіне өзі зиян келтіру қоғамнан оқшауланған адамның өзіне Конституциямен немесе заңмен жүктелген қандай да болсын міндеттерді атқарудан (дене мүшесіне зақым келтіру жолымен әскери қызметтен жалтару секілді - Қылмыстық Кодекстің 374-бабы ) жалтару мақсатында жасалатыны келіп шықпайды. "Мекеменің қалыпты қызмет тәртібінің" тұрақтылығын қамтамасыз ету оның әкімшілігінің міндеті болып табылады.

Қылмыстық Кодекстің 361-бабының бірінші және төртінші бөліктерін салыстыру олардың ішкі қарама-қайшылығын көрсетті, атап айтқанда, топ болып дене мүшелерін зақымдау оқиғаларын және адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасалған дәл осындай әрекеттерден мейлінше айқындықпен бөліп-ажыратуға мүмкіндік бермейді, өйткені екі жағдайда да бұл адамдар, заңның мағынасына қарай, бір ниетпен әрекет етуге тиіс.

Қылмыстық Кодекстің 361-бабы бірінші бөлігінің диспозициясындағы " мекемелердің қалыпты қызмет тәртібін тұрақсыздандыру не мекемелер қызметкерлерінің заңды қызметіне кедергі жасау" деген арнайы мақсатты тұжырымдау - ол да, конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың пікірінше, құқық қолдану процесінде жол беруге болмайтындай кең түсіндірілуі мүмкін. Айыптының ниеті қайда бағытталғанын құқық қолданушының біржақты анықтауына мүмкіндік беретін объективті өлшемдердің құқықтық нормада болмауы, конституциялық іс жүргізуде анықталғанындай, объективті айыптауға (дәлелденген кінәсі болмай тұрып соттауға) әкеп соқтыруы мүмкін, оған жол беруге болмайды және ол Негізгі Заңның 77-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына қайшы келеді.

Бұл жазылған кемшіліктер, Конституциялық Кеңестің пікірінше, заң жобасы ел Парламентінен өтер кезде жеткілікті дәрежеде тиянақталмағаны салдарынан пайда болған. Парламент Мәжілісі депутаттарының бірінің ұсынысы бойынша енгізілген, Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімін жаңа қылмыс құрамымен толықтыру үкіметтік заң жобасы тұжырымдамасының шегінен шығып кеткен. Парламенттің Конституциялық Кеңеске берген материалдарында депутат ұсынған Қылмыстық Кодекстің 361-бабы бірінші және төртінші бөліктерінің редакциясын көпшіліктің талқылауына қатысты ақпарат, заң жобасының осы бөлігін терең негіздеу, қаржы-экономикалық есептеулер мен ғылыми сараптама жүргізу, сондай-ақ осы норманы қабылдаудың заңдық, әлеуметтік және өзге де салдарына болжам жасау туралы мәліметтер жоқ.

Осының бәрі, жинала келе, заң жобасының Парламенттен өтуінің Конституцияда және заңнамалық актілерде белгіленген рәсімі бұзылуы мүмкін екендігін көрсетеді, алайда бұл мәселені Конституциялық Кеңес шешусіз қалдырды, өйткені "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 26 наурыздағы N

240-III Қазақстан Республикасы Заңының конституциялылығын тексеру Қапшағай қалалық сотының өтіну нысаны болып табылмайды.

Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі - Әділет министрінің конституциялық іс жүргізу кезінде Қылмыстық Кодекстің 361-бабының бірінші және төртінші бөліктеріндегі құқықтық нормалардан табылған кемшіліктерді заң шығару тәртібімен түзетуге дайын екендігі туралы мәлімдемесін назарға алады. Сонымен бірге, Конституциялық Кеңес, қылмыстық заңның қолданыстағы нормасына өзгерістер енгізілгенге дейін оның қолданылу мүмкіншілігін сақтап қалу адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келуіне әкеп соғуы мүмкін деп есептейді.

4. Қазақстан Республикасының Конституциясы ( 39-баптың 1-тармағы) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары "конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана" заңмен шектелуіне жол береді. Өтініш нысанына қатысты қолданыста бұл, заң шығарушы қылмыстық жауаптылық белгілеген кезде, конституциялық құқықтар мен бостандықтардың мәнін бұрмаламай және конституциялық анықталған мақсаттарға сәйкес келмейтін шектеулер енгізбей, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеудің жол берілетін конституциялық шегін негіз етіп алуға тиіс екенін білдіреді.

Заң шығарушының да, құқық қолданушының да қылмыстық жауаптылыққа тартылып, жазаға кесілген адамның және азаматтың конституциялық-құқықтық мәртебесін сөзсіз сақтауы мемлекет пен тұлғаның қылмыстық жауаптылықты белгілеу және жүзеге асыру саласындағы өзара қарым-қатынасының негізі болып табылады. Конституцияның 39-бабының 1-тармағында "...шамада ғана..." деген сөздердің пайдаланылуы, қылмыстық-құқықтық мәжбүрлеу, сондай-ақ қылмыстың алдын алу шаралары қылмыстық жауаптылықтың әділдігі мен мөлшерлестігі принциптеріне, сондай-ақ Негізгі Заңмен қорғалатын, ең қымбаты адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын құндылықтарға жауап беруге тиіс екенін болжамдайды.

Конституцияның 39-бабы 1-тармағына сәйкес, мемлекет, қылмыстық-құқықтық мәжбүрлеу, сондай-ақ қылмыстың алдын алу шараларын белгілей отырып, жоғарыда көрсетілген мақсаттарды қатаң басшылыққа алуға және бас бостандығынан айрылғандардың, қоғамнан оқшаулануы себепті кейбірін алып тастап, басқа адамдардікі секілді құқықтары мен бостандықтары бар екенін негізге алуға тиіс. Өтініш нысанына қатысты қолданыста Конституцияның 39-бабы 1-тармағының ережелері, конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау, егер мұндай шектеу заңды түрде негізделген мақсаттарға барабар болса және әділдік талаптарына жауап берсе, тепе-тең, мөлшерлес және конституциялық маңызы бар құндылықтарды қорғау



үшін демократиялық мемлекетте қажет болып табылса, құқықтар мен бостандықтардың шектелуіне себеп бола алатынын білдіреді. Бұл ретте, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектейтін заң, жоғарыда аталып өткендей, мейлінше анық тұжырымдалып, оны көп мағынада түсіндіру мүмкіншілігіне жол бермей отырып, құқық бұзушылық белгілерін де, қорғау мақсатында өзі қабылданған конституциялық мақсаттарды да дәл көрсетуге тиіс.

Бұл жағдайда, Қылмыстық Кодекстің 361-бабы бірінші бөлігінің редакциясы оның мазмұнын орынсыз кең пайымдауға, демек негізсіз қылмыстық қудалауға жол бере отырып, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын заңмен шектеудің жоғарыда көрсетілген өлшемдеріне сәйкес келмейді, Негізгі Заңның 39-бабы 1-тармағының талаптарына сай емес және сонда баяндалған конституциялық мақсаттарды көздемейді.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 361-бабының бірінші бөлігі ("Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 26 наурыздағы N 240-III Қазақстан Республикасы Заңының редакциясында) Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 2-тармағына, 20-бабының 1 және 2-тармақтарына, 39-бабының 1-тармағына, 77-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес келмейді және, сондықтан, конституциялық емес деп танылуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 361-бабының төртінші бөлігі ("Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 26 наурыздағы N 240-III Қазақстан Республикасы Заңының редакциясында) осы баптың бірінші бөлігі үшін саралау белгілерін анықтайды. Соның салдарынан, Негізгі Заңның 4-бабы 1-тармағының талаптарын негізге ала отырып, Қылмыстық Кодекстің 361-бабының төртінші бөлігі осы баптың бірінші бөлігінің саралау белгілерін анықтауға қатысты бұл да конституциялық емес деп танылуға тиіс.

Жазылғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 2-тармағын, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 2737 Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-бабы 4-тармағының 1) тармақшасын, 31-33, 37, 40-баптарын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 361-бабының

("Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 26 наурыздағы N 240-III Қазақстан Республикасы Заңының редакциясында) бірінші бөлігі және төртінші бөлігі (бірінші бөліктің саралау белгілерін анықтауға қатысты) конституциялық емес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 2-тармағына сәйкес конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің күші жойылады және қолданылуға жатпайды, ал "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 39-бабының 2-тармағына сай мұндай заңға немесе өзге де нормативтік құқықтық актіге негізделген соттардың және өзге құқық қолданушы органдардың шешімдері орындалуға жатпайды.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағы негізінде қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабының 4-тармағында көзделген ретті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

4. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасы  
Конституциялық Кеңесінің  
Төрағасы